

Біз жол қозғалысы ережелерін білеміз бе?

Мақсаты: Жолда жүру ережесін есте сақтауға, оқушыларға жол белгілерін неше түрлі бар, оны білу не үшін қажет, бағдаршамның, жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екенін үйрету.

Тәрбиелігі: Жол ережесін есте сақтау қабілетін, қызығушылықтарын арттыру, барлығымызға ортақ қойылған тәртіпті бұзбауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Бағдаршам, жол белгілері, жол ережесіне арналған суреттер.

Біздің елімізде әр түрлі көліктер жылдан-жылға көбейіп келеді. Жаяу адамдар мен көліктегі жолаушылар саны да көбейе түсуде. Көшелер мен жолдардағы жағдай барған сайын күрделеніп келеді. Жол-көлік оқиғаларының қаупі арта түсуде. Сондықтан да жүргізушілер мен жаяу адамдардың көшелер мен жолдарда ерекше тәртіпті және мұқият болуы қажет. Жол-көлік оқиғаларының зардабынан көбіне балалар зардап шегуде. Оның себебі – көптеген мектеп оқушылары жолда жүру ережелерін әлі де болса нашар біледі. Міне, осы мақсатта біздің тобымызда бүгін «Жолда жүру ережелері» атты жол ережелері туралы айтпақпын.

Алғашқы бағдаршам теміржол бойында пайда болды. Оны ойлап тапқан адамның есімі тарихта сақталмаған. Ал оны көше қозғалысына ыңғайлап, қайта жасаған ағылшынның инженер-механигі Д. Найт болатын. Ол 1868 жылы Лондондағы парламент үйінің алдына бағдаршам орнатты. Алдымен түрлі-түсті сигналдар қайыс берілістің көмегі арқылы өзгертіліп отырды. Сосын аппарат ортасына газды шам орнатылды. Өнінішкі орай, бірде газ жарылып, кезекте тұрған полицей қаза болады. Содан бағдаршам жарты ғасыр бойы ұмыт болады.

Бағдаршам тек 1914 жылы Американың Кливленд қаласында, сосын Нью-Йорк, тағы басқа қалаларында қайта пайда болды. Бұл жолы олар электрлі болды. Тек екі түсті ғана, қызыл және жасыл. 1918 жылдан бастап қана үш түс қолдана басталды.

Көше Одағы бойынша алғаш рет бағдаршам Мәскеу қаласында 1924 жылы Кузнецкий көпірі мен Петровка көшелерінің қиылысынан орын алды. Бағдаршамдағы түстер бекер таңдап алынбаған. Қызыл түс қауіп ұғымын білдіреді. Сосын бұл түс күндіз де, түнде де, тұман мен жауынды күні де жақсы көрінеді. Жасыл түс қызыл түстен айқын ажыратылады. Сары сигнал – негізі қызыл мен жасыл түстердің арасындағы айырым белгісі.

Қазақстанда 1987 жылы КСРО-да қабылданған жолда жүру ережелері қолданылды. 1993 жылдан республикада жолда жүрудің жаңа Ережелері қабылданған. Осы ережелерге сәйкес жол белгілері мемлекеттік стандарттар негізінде анықталады. Бұл стандарттар бойынша жол белгілері 7 топқа бөлінеді:

1. ескерту белгілері
2. басымдық белгілері
3. тыйым салу белгілері
4. міндеттеу белгілері
5. ақпараттық-нұсқау белгілері
6. қызығушылық белгілері
7. қосалмақтар мен белгілер (тақташалар).

• Ескерту белгілері жолдың қауіпті бөлігінің жақындағанын хабарлайды. Ол айналма, қиылыс жерімен көмкерілген ақ түсті тең қабырғалы үшбұрыш түрінде жасалып, жолдың бұл түрін айқындайтын шартты белгілер салынады.

Басымдық белгілері көше қиылыстарын, жолдың жіңішкерген бөлігін, кесіп өту кезектілігін белгілейді. Олар пішіндері мен түстері әр түрлі 9 жол белгілерінен тұрады.

• Тыйым салу белгілері жолдағы көлік қозғалысына белгілі бір шектеулер енгізеді немесе оларды жойып, шектеулердің күшін жояды. Олардың пішіні дөңгелек болады, ішкі қиылыс жерімен көмкеріліп, ақ түсті ортасында тыйым салатын шартты белгілер көрсетіледі.

• *Міндеттеу белгілері* бір бағытта немесе көліктің белгілі бір түріне ғана жүруге рұқсат етілетіндігін көрсетеді. Солға бұрылуға рұқсат ететін белгілер кері бұрылуға да рұқсат береді. Жиігі ақ жолақпен көмкерілген көк түсті, пішіні дөңгелек не тік төртбұрыш болып келетін 18 белгіден тұрады.

• *Ақпараттық көрсеткіш белгілер* қозғалыстың белгілі бір режимдерін енгізеді немесе күшін жояды, сондай-ақ елді мекендер мен басқа да нысандардың орналасуы туралы хабарлайды. Олардың өлшемдері, пішіндері мен түстері әр түрлі болып келеді. Қызмет көрсету белгілері жол бойында және жолдан әр түрлі қашықтықта орналасқан қызмет көрсету нысандары туралы ақпарат береді. Пішіндері тік төртбұрыш болып жасалып, жиектері талың көк жолақпен көмкеріледі, ақ түсті ортасында нысандар туралы шартты белгілер көрсетіледі. Олардың жалпы саны – 12.

• *Қосымша ақпараттық белгілер (тақташалар)* бірге қолданылатын жол белгілерімен қосымша ақпарат беруге арналған. Негізінен түсі ақ, төртбұрыш кестешелер түрінде жасалып, ортағына қосымша ақпараттардың шартты белгілері келтіріледі. Жол белгілері жолдың *(жүріс бағыты бойынша)* оң жағына биіктеу бағанаға немесе жолдың үстіне белгілетіні белгіленіп келтіріледі. Олар 100 м қашықтықтан анық көрінетіндей болып жарықтандырылады. Жол белгілері мемлекеттік автомобиль жолдарының белгілерімен орнатылады.


Жаяу адамның міндеттері.

1. Жаяулар жолдардың немесе жаяу жолдың оң жағымен, ал олар болмаса, жол жиегімен немесе көшемен жолымен жүруі тиіс.
 2. Жаяулар аялдап бара жатқанда жаяулап себепсіз кедергі немесе тоқтап қалмауы тиіс. Көшенің ортасын бұрын алдымен сол жаққа, ал көшенің ортасына жеткенде оң жаққа қайту керек.
 3. Жаяулар қарақатты, аяғы және арнаулы дыбыс белгісі қосылған көлік жақындағанда жаяулардың аяғын есіне алса тұруы керек.
 4. Жаяулар қарақатты жүргізушілер көлік айдап бара жатқанда, жаяу адамдар үстіне жарық көрсетіп, аяғын есіне алу керек.
- Рахмет! Біздің елді мекеніміздің жол ережесімен таныстыңдар. Қай жерде жүрсендер де жолдың ережесін сақтаңдар, басқаларды да соған шақырыңдар.

Анықтама

«Жол тәртібін сақтайық!» атты тақырыбында 10-А сыныбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: Оқушыларды жолда жүру ережесімен және бағдаршамның қызметін түсіндіру. Жолда жүру ережесімен таныстыра отырып, бағдаршам сигналдарын меңгерту, көшеде дұрыс жүруге үйрету. Жол белгілерін айыра білу дағдысын қалыптастыру, көше жағдайындағы кеңістікті бағдарлай білу дағдыларын, көшедегі мінез-құлығын, өзін-өзі ұстауын, жол ережесіне байланысты сана-сезімін дамыту. Танымдық белсенділігін, жол белгілерін білу мен олардың атқаратын қызметін, қоғамдық көліктермен жай көліктердегі тәртіпті сақтау заңдылықтары туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.




«Сақ болындар балалар!» тақырыбындағы іс – шараның

Анықтамасы

Жоспар бойынша мектебімізде «Сақ болындар, балалар!» атты акция ұйымдастырылып, бастауыш сыныптарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 1-4 сынып оқушылары арасында болды. Акцияның негізгі мақсаттарына тоқталатын болсақ:

1. Оқушыларды жолда жүру ережесімен таныстыру, осы «Жол ережесін сақтау – қауіпсіздік кепілі» атты тақырып бойынша бейнелеу әдісін түсіндіру, бағыт беру.
 2. Жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге жол ережесінің сақтау, ойлау, суреттеу дағдыларын дамыту.
- Оқушыларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу
3. Жалпы, жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп, доп қуалайтыны, жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны, қалтарыстан жолға шығып келетін салдарынан бұзылады. Жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулер машина дөңгелегіне ілініп қаза тауып, кейбіреулері жарақат алады. Ал кейбіреулері өмірлік мүгедек болып қалады. Сондықтан әрбір оқушы мектеп қабырғасында үйренген жолда жүру ережесін жадында үнемі сақтап, мұқият тыңдап, қорытынды жасап отыруға міндетті. Үлгілі, тәртіпті оқушы қай кезде де көшеде, жолда жүру ережесін, заңын бұзбайды.



Жас досым!
Жас досым!



Жол жүру ежелерін ұмытпа және
есіңде сақтап жүр!

